

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Түрлі түсті дөңгелектер.

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85188/>

Білім саласы : Таным.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі : Сенсорика.

Тақырыбы : Түрлі түсті дөңгелектер.

Мақсаты: Балаларға негізгі үш түсті түстерді топтастыруға үйрету:қызыл,сары,көк.

Пирамиданы жинауды ұсақ қол моторикасын дамыту.

Көрнекіліктер мен құрал жабдықтар: Доптар, қағаз түстері ,пирамида .

Сөздік жұмыс: қызыл,сары, көк.

Оқу қызметінің

Кезеңдері Тәрбиешінің қызметі Балалардың қызметі

Мотивациялық

Қозғаушы

Іздентушілігі

Шаттық шеңбері

Сәлеметсіңдер ме? Көздерім

ояндыңдар ма?

Сәлеметсіңдер ме? Құлақтарым

ояндыңдар ма?

Сәлеметсіңдер ме? Қолдарым

ояндыңдар ма?

Сәлеметсіңдер ме? Аяқтарым

ояндыңдар ма?

Кәне балалар орындарыңа отыра қойыңдар.Бүгінгі

ұйымдастырылған оқу қызметі

сенсорика. Негізгі үш түспен танысамыз : қызыл,сары, көк.

Олай болса балалар . Қазір біз түрлі түстер әлеміне саяхат жасаймыз. Түстер әлеміне бару үшін аялдамалар бар екен, сол аялдамаларға бар үшін автобус пен бару керек .

Автобұсқа отырып жолға шығайық .

Балалар 1-аялдамаға келдік.

Доптарды түстеріне қарай себетке жинау. Доптардың түстерін ,көлемін айту. Кәне балалар екінші аялдамаға бару үшін автобусқа отырайық

2-аялдама: Үйшік

Үйдің шатыры мен терезелерін саламыз, балаларға геометриялық пішінді үйдің , үйдің бейнесін береміз үйдің шатыры қандай пішін ?

Түсі қандай?

Көлемі қандай?

Терезелерінің пішіні қандай?

Түсі қандай?

Көлемі қандай?

Шатыры мен терезелерін өз –өз орнындарына қоямыз .

3-аялдама: Пирамида

Пирамиданы жинамас бұрын олардың түстерін, көлемін түсіндіріп, түстерін ең үлкеінен кішісіне қарай жинаймыз . Көк , қызыл , сары.

Жарайсыңдар балалар , біздің топқа кететін уақытымыз болды .

Автобусқа отырып топқа оралайық. Топқа оралу.

Балалар бүгін түрлі түстер әлеміне саяхатқа бардық. Қандай түстер мен таныстық?

Қандай пішіндер мен танысып білдіңдер?

Жарайсыңдар балалар .

Рахмет саған , көздерім көргендерің үшін

Рахмет саған , құлақтарым

көргендерің үшін

Рахмет саған , қолдарым

ұстағандарың үшін

Рахмет саған аяқтарым

жүргендерің үшін . Жарайсыңдар балалар бүгінгі оқу қызметінде барлығың жақсы көзге түсіп , мұқият тыңдап , сұрақтарға жауап бердіңдер жақсы қатыстыңдар . Сау болыңдар.

Алақанмен көздерін

сипалайды,

Құлақтарын сипалайды,

Қолдарын шапалақтайды,

Аяқтарын тырсылдатады

Қызыл , сары , көк .

Көлемі кішкентай.

Пішіні төртбұрыш , ұшбұрыш

Үйдің шатыры, ұшбұрыш

қызыл

Кішкентай

Терезелерінің пішіні төрт-
бұрыш.

Көк кішкентай

Шатырымен терезелерін өз
орнына қояды

Пирамида бірінші үлкен көк

түсті дөңгелекті қояды сосын орташа қызыл дөңгелекті

қояды , сосын кіші сары дөңг

електі қояды.

Қызыл ,көк, сары

Ұшбұрыш ,төртбұрыш ,

Дөңгелек.

Балалардың жауабы

тыңдалады

Сау болыңыз.

Түркістан облысы

Түркістан қаласы

“№31 бастауыш мектеп балабақша” кешені КММ

тәрбиеші Сулейменова Наргиза Юлдашевна

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: “Қатынас”

Ұйымдастырылған оқу қызметі: “Сауат ашу”

Тақырыбы: Ертегі елінде. “Ш дыбысы мен әрпі”

Мақсаты: Ш дыбысы мен әріп таңбасымен танысады. Ш дыбысына мысалдар келтіргізу арқылы сөздік қорларын толықтырады, байланыстыра сөйлейді.

Әдіс тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ -жауап, ойын.

Сөздік жұмыс: Ш дыбысы кездесетін сөздер.

Көрнекіліктер: Ш әрпінің баспа түрлері, суреттер, текшелер, сауат ашу әліппе дәптері.

Іс -әрекет кезеңі Тәрбиешінің іс -әрекеті Балалардің іс- әрекеті

Мотивациялық

қозғаушы Шаттық шеңбері

Сен бақытты баласын

Анаң күнің жүрегің

Әкең өмір тірегің

Сен бақытты баласын

Бәрі саған қуансын

Әжең асыл ардағың

Атаң дана қорғаның

Сен бақытты баласын

Бәрі саған қуансын

Қайырлы таң балалар!

Балалар, бір -бірімізге, әке -анамызға, ата әжемізге үнемі қайырымды, мейірімді болуымыз керек. Үлкенді құрметтеу керек. Бүгінгі күніміз сәтті болсын.

Ұқыпты -ұтар

Іздеген -табар

Оқыған -озар

Еріншек -тозар дегенб Абай атамыз. Олай болса, бүгінгі оқу қызметінде еріншектікке жол бермей, ұқыпты, іздеімпаз, оқымысты бала болуымыз керек.

Балалар шеңберге тұрады, бір- біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Ұйымдастыру

шылық ізденушілік Балалар “Бауырсақ” ертегісін білесіндер ме? Еске түсірейік. Ал бүгін біз бауырсақ туралы басқаша ертегі құрастырамыз.

Ерте , ерте , ертеде атамен әже болыпты. Әже бауырсақ пісіріп қайда қойыпты? Бауырсақ терезеден секіріп түсіп балабақшаға қашып кетіпті. Келе жатса алдынан не шығады?

Қоян : Бауырсақ сен қайда барасын? -деп сұрапты.

Мен балабақшаға барамын, жүр менімен,- дейді.

Мен бармаймын, мен ойын ойнаймын,- деп жауап беріпті қоян.

Сонда бауырсақ қоянға сұрақтар қояды. Қоян сұрақтарға жауап бере алмай қиналып тұр, оған көмектесейік.

1.Әріп дегеніміз не?

2.Әріпті не істейміз?

3.Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз?

4.Қандай дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз?

Жарайсындар балалар, бауырсақтың сұрақтарына жауап бердік. Қоян енді бала бақшаға баратын болды. Бауырсақ келе жатса алдынан не шығады? Қасқыр не деп сұрайды?

Мен бала бақшаға барамын, жүр менімен дейді қасқыр. Ал қасқыр не деп жауап береді?

Сонда бауырсақ қасқырға сұрақтар қояды:

Дидиктикалық ойын “Адасқан әріптер”

Қасқыр адасқан әріптерді өз орнына қоя алмай қиналып тұр, оған көмектесейік.

Қасқыр сендерге риза , олда енді балабақшаға барады. Ертегімізді жалғастырамыз.

Бауырсақ келе жатса алдынан не шығады? Аю не деп сұрады?

Бауырсақ не деп жауап берді? Аю:

Мен бармаймын, мен ойын ойнаймын дейді. Бауырсақ аюға жұмбақ жасырады. Аю жұмбақ шешімін таба алмай қиналып тұр, оған көмектесейік.

Жұмбақ:

Тікен, тікен, тік пісте

Қысы жазы бір түсте.

Ол не?

Шырша сөзі қандай дыбыстан басталады?

“Ш” дыбысы қандай айтылып тұр? Кедергімен бе ,әлде кедергісіз бе? Дұрыс дыбыс кедергіге ұшырап тұр.

Ерніміз дөңгеленеді, тістеріміз бір -біріне жақындатамыз, тілімізді жоғары қарай көтереміз, бірақ таңдайға тірелмейді, дауыс шымылдығы дірілдемейді, іштен келген ауа ағысы жылы болып шығады.

өте жақсы “Ш” дыбысы қандай дыбыс екен? Қандай текшемен белгілейміз?

Шырша сөзін буынға бөлейікші. Неше буынға болыңды. Неліктен екі буынға болыңды? Сөздік талдау жасату.

Аю риза сендерге, енді олда балабақшаға баратын болды. Бауырсақ әрі қарай домалап бара жатса алдынан не шығады? Түлкі не деп сұрайды? Бауырсақ не деп жауап береді? Түлкі бауырсақпен бірге балабақшаға барама? Сонда бауырсақ түлкіге де тапсырма береді. Тапсырманы түлкі орындай алмай қиналып тұр. Түлкіге көмектесейік.

Дидактикалық ойын “Қай дыбыстан басталады?” сурет бейнеленген заттар қандай дыбыстан басталып тұрғанын табамыз. Сөздерді буындарға боледі.

Дұрыс балалар “Ш” дыбысы сөздің басында, ортасында аяғында кездеседі: Шана, шағала, шырша, алша, ағаш.

Түлкі сендерге риза, енді олда балабақшаға баратын болды. Бауырсақ өз достарымен балабақшаға жетіп келді.

Тіл ұстарту жаттығуы:

ША -ША -ША

БІЗ ТЕБЕМІЗ ШАНА

Барлық баламен “Ш” дыбысына жаңылтпаш айтады. (сыбырлап, орта дауыспен, қатты дауыспен)

Шаңқ -шаңқ етіп шағала

Шабәқ ілер жағада.

Тыныштық сәті: баяу музыка әуенімен көзімізді жұмып, орманды елестетеміз. Орманда аңдар жүр. Орман іші жап жасыл, таза ауа, сайраған құстар үні, сылдырлап аққан судың сыбыры құлаққа жағымды естіледі. Көзімізді ашайық. Қалай ұнадыма?

Дидактикалық ойын: “Ертегі кейіпкерлерінің қимыл әрекетін, дауысын сал” (түлкі, қоян, қасқыр, аю, бауырсақ)

Ал енді әліппе дәптерімізді ашып “ Ш” әріп таңбасын жазып үйренеміз. “Ш” әріпі неге ұқсайды?

Қаламды дұрыс ұстап, жазу кезіндегі отыру ережесін еске түсіріп, нүктелерді бастырып жаздырту. Балалардың жауабы:

Ия білеміз.

Терезеге қояды.

Қоян шығады.

Қызыға тыңдайды.

Әріп дегеніміз дыбыстың таңбасы. Әріптерді көреміз.

Қасқыр шығады.

Сен қайда барасын? деп сұрайды.

Мен бармаймын, мен ойын ойнаймын дейді.

Аю шығады.

Сен қайда барасын? деп сұрайды. Мен балабақшаға барамын жүр менімен дейді бауырсақ.

Шырша .

Ш дыбысынан басталады.

Дыбыс кедергіге ұшырап тұр. Дауыссыз дыбыс. көк текшемен белгілейміз.

Шыр- ша екі буынға болінеді. Өйткені сөзде екі дауысты дыбыс бар .

Алдынан түлкі шығады.

Рефлексивті түзету Қорытынды:

Балалар бүгін біз қандай дыбыспен, әріп таңбасымен таныстық? “Ш” дыбысы неге ұқсайды?

Айырға аздап ұқсайды,

Сабы жоқ бірақ ұстайтын

Тарақты еске салатын

Кайсы әріп кім бар табатын?

Жарайсындар балалар. “Ш” дыбысы қандай дыбыс? Қандай текшемен белгілейміз?

Біз ақылды баламыз

Айтқан тілді аламыз.

Бүгінгі откен сабақты

Есте сақтап қаламыз. Балалардың жауаптары.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыс, әріп дегеніміз не екенін.

Игереді: “Ш” әріп таңбасы мен дыбысымен танысады

Меңгереді: “Ш” әріп таңбасын жазуды.